

Гүлбану Мырзабаева

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» кафедрасының аға оқытушысы, академиялық доцент, Гүлбану Мырзабаева 30 жылдан бері қазақ би өнерін дамыту, шәкірт тәрбиелеу мақсатында еңбек етіп келеді.

Хореограф осы бағытта 4 оқу-әдістемелік құралын даярлады. Сондай-ақ, би өнері туралы республикалық басылымдарда 35 мақаласы жарық көрді. Өнер иесі – 80-ге жуық авторлық би қойылымдарының авторы және университеттегі «Дидар» халықтық би ансамблінің көркемдік жетекшісі, VI-ALEM Қызылорда хореография орталығы қоғамдық бірлестігінің директоры.

2001 жылдан бері Қызылорда облыстық филармониясында «Томирис» би ансамблінің көркемдік жетекшісі, бас балетмейстері болып еңбек етуде.

Шабыт пен импровизация, әдемі би мен әуезді музыканы ұштастырған Гүлбану Елубайқызы Түркия, Корея, Ресей, Украина, Эстония, Татарстан, Әзербайжан, Өзбекстан және АҚШ елдерінде қазақ би өнерінің үздік үлгілерін таныстырып, қазақ мәдениетін танытуда.

Хореограф – халықаралық және республикалық би фестивальдері мен байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты.

Гүлбану Мырзабаева халықаралық «Шабыт» фестивалінде «Ғасырлар үні», «Тәңірге табыну» би қойылымдары үшін лауреат атанды. 2004 жылы «Жылдың үздік балетмейстері» атанып, облыс әкімі стипендиясын иеленді. 2010 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Азат елдің айшықты билері» конкурсының «Үздік хореографы» номинациясының жеңімпазы болды. 2011 жылы Сыр өңірі шығармашылық өкілдерінің «Елім менің» байқауының «Хореография» номинациясы бойынша «Үздік балетмейстері», «Сырдария – жырдария» фестивалінің лауреаты атанды. Сондай-ақ, «Мәдениет саласының үздігі», «Құрмет» төсбелгісі, Президенттің жарлығы бойынша «Қазақстан халқы ассамблеясына 20 жыл», «Алаш ұстазы», «Қызылорда қаласына 200 жыл» және «Қорқыт Ата атындағы Алтын медалі» мерекелік медальдарымен наградталды.

Сыр өңірінің мәдениеті мен би өнерінің дамуына, рухани өсіп-өркендеуіне қосқан зор үлесі үшін Гүлбану Мырзабаеваға облыс әкімі, қала әкімі, Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының басшысы, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы және Қызылорда облыстық филармониясының директорынан алғыс берілді.